

6. <https://kazmuseum.kz/muzei-zhane-expo-2017/item/2215-botaj-konysynda-y-2022-zhyl-y-arkheologiyalyk-dalalyk-zertteu-zh-mysyny-natizheleri>
7. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. - 1 том. - Алматы: Атамұра, 1996. — 544 б.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕР НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕГІ РӨЛІ

Кенжебек М.Д.

Ғылыми жетекшісі: доктор Ph.D Дюсупова Сәуле Туяковна

Астана халықаралық университеті

kenzhebekovamerei@gmail.com

Астана қ.

XIX ғасырдың екінші жартысында этнографиялық еңбектерінде жазған Орталық Азия туралы француздық және патшалық орыс саяхаттық очерктер қазақтардың өмірі мен дәстүрлеріне, оның ішінде отбасылық тұрмысы әйелдердің рөліне ерекше көзқарас ұсынады. Бұл жазбаларда қазақ қыздарына ерекше назар аударылған, олар ер адамдармен қарым-қатынастағы сұлулығымен және сенімділігімен ерекшеленеді. Саяхатшылар олардың батылдығы мен ашықтығын атап өтіп, бұл қазақ қыздарының Орталық Азияның басқа қоғамдарынан өзгеше екенін көрсеткен. Алайда, қарым-қатынастағы ашықтыққа қарамастан, қазақ қыздары көшпелі қоғамына тән дәстүрлер мен мінез-құлық нормаларын қатаң сақтаған. Бұл сипаттамалар дәстүрлі құндылықтар мен тәуелсіздік пен ашықтық элементтерінің үйлесімі болғанын айтады.

Осы зерттеуде отырықшыландыру үдерсінің қазақ әйелдерінің отбасылық және қоғамдағы рөлінің өзгертуі, отырықшылықтың әсері қарастырылған.

Берілген мақаланың негізгі мақсаты XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамындағы әйелдердің отбасылық және қоғамдық өмірдегі рөлін этнографиялық деректер негізінде зерттеуге бағытталған. Қазақ әйелдерінің дәстүрлі нормалар мен әдет-ғұрыптарды сақтау арқылы қоғамдағы ерекше рөлін анықтау, олардың ер адамдармен қарым-қатынасындағы еркіндігін және қоғамдағы жауапкершілігін талдау мақсаты көзделген.

Мақалада қазақ қоғамындағы әйелдердің әлеуметтік рөлі мен олардың зерттеу бүгінгі таңда маңызды болып отыр. Себебі бұл зерттеу қазақ мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін және дәстүр мен қазіргі заман арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихи деректерді пайдалану арқылы қазақ әйелдерінің рөлінің қазіргі қазақ қоғамындағы маңыздылығын айқындауға жол ашады.

Қазақ әйелдері жоғары дәрежедегі дербестікке ие болған. Олар шаруашылықпен айналысып, отбасылық міндеттерді атқарғанымен, ер адамдармен тең дәрежеде қоғамдық өмірге қатысып, пікір білдіре алатын. Бұл олардың тек отбасылық емес, саяси және рухани салаларда да белсенді болғанын дәлелдейді. Орталық Азияның басқа халықтарының әйелдеріне қарағанда, қазақ әйелдері ашықтық пен сенімділікке ие болып, батыл қарым-қатынас жасаған.

Бұл туралы біз қазақтардың өмірі мен тұрмысын жан-жақты зерттеген орыс этнографтарының еңбектерінен біле аламыз. **Гейнс, Броневский, Карутц** және тағы басқа ғалымдар қалдырған көптеген этнографиялық дереккөздер қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлі туралы құнды мәліметтер береді. Бұл этнологтар қазақ әйелдерін еңбекқор, тәуелсіз, бірақ сонымен бірге дәстүрге адал деп сипаттаған. Олардың жазбаларының арқасында біз қазақ әйелдерінің ерлермен еркін қарым-қатынас жасауды және мәдени нормаларды сақтауды шебер үйлестіріп, көшпелі қоғам өмірінде маңызды рөл атқарғанын жақсы түсіне аламыз.

Қазақ әйелдері, әсіресе көшпелі қоғамда, еркіндік пен құрметті дәстүрлі нормаларды сақтаумен үйлестірген ерекше орын алған. Орталық Азиядағы көптеген көршілес мәдениеттерден айырмашылығы, қазақ әйелдері салыстырмалы түрде жоғары дербестікке және әлеуметтік белсенділікке ие болған. Олар тек шаруашылық жүргізіп, маңызды отбасылық міндеттерді орындап қана қоймай, сонымен қатар ер адамдармен батыл қарым-қатынас жасап, қоғамдық істерге қатысып, өз пікірін білдіре алған. Ерлермен еркін қарым-қатынас, қоғамдық өмірдегі ашықтық пен өзіне деген сенімділік қатаң мәдени дәстүрлерге қайшы келмеген. Қазақ әйелдері неке, отбасы және бала тәрбиесімен байланысты әдет-ғұрыптарды ұстанғанымен, жеке еркіндіктің белгілі бір дәрежесін сақтап қалған, бұл оларды өңірдің көптеген басқа халықтарынан ерекшелендірген. Еркіндік пен дәстүрлердің осы бірегей үйлесімі қазақ әйелдерін көшпелі халықтың қоғамдық және отбасылық өміріндегі маңызды тұлғаға айналдырды.

Қазақ әйелдері, әсері көшпелі қоғамда, еңбекқорлығы мен отбасылық міндеттерге адалдығымен танымал болған. Олар шаруашылық жүргізуде негізгі рөл атқарып, үй жануарларына қараған, тамақ дайындаған, жіп иіріп, тоқыма тоқумен және балаларды тәрбиелеумен айналысқан. Өз міндеттеріне қарамастан, қазақ әйелдері белгілі бір еркіндікке ие болып, басқа көшпелі халықтардың әйелдерінен ерекшеленген. Олар ерлермен батыл диалог жүргізіп, қоғамдық іс-шараларға қатыса алған. Еркін қарым-қатынас және отбасы

ішіндегі мәселелерді шешуге қатысуы олардың маңыздылығын және қоғам тарапынан көрсетілген құрметі дәлелдеді.

Отаршылдық кезеңінде қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлі бірнеше бағытта көрінді, және бұл олардың отбасы шеңберіндегі дәстүрлі рөлінен асып, саяси, экономикалық және рухани салаларда көрініс тапты. Алайда Ресей империясының отарлық саясаты қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымды айтарлықтай өзгертті, бұл әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін шектеуге де ықпал етті.

Отаршылдыққа байланысты қазақтардың Ресеймен қарым-қатынас орнатуындағы белсенді әйел тұлғалардың бірі-(Әбілқайыр ханның жұбайы) Бопай ханым. Ол 1731 жылы Ресей империясына қазақтың Ресейге қосылу ниеті туралы ресми хат жазып, дипломатиялық рөл атқарды. Бұл әрекеті арқылы Бопай ханым қазақ әйелдерінің саяси өмірде ықпал етуші рөл ойнауға мүмкіндігі бар екенін көрсетті. Оның тарихи беделі хандық деңгейіндегі шешімдерге әсер ете алғанын көрсетеді.

Шоқан Уәлихановтың әжесі-Айханым ханым. Қазақ қоғамындағы білім мен мәдениетті дамытуға зор үлес қосты. Ресей үкіметі оның патшалық билікке бейімділігін жоғары бағалап, оны 1824 жылы арнайы қаражатпен қамтамасыз етті. Айғаным өз иелігінде мектептер мен мәдени орталықтар ашуға көмектесті. Ол Шоқан Уәлихановты білімге баулып, оның заманының озық ғалымы болуына ықпал етті. Айғанымның ағартушылық қызметі қазақ қоғамында әйелдер тек тұрмыстық қана емес, зияткерлік дамуға да үлес қосатынын көрсетті.

Рухани көшбасшы – Домалақ ана (Нұрила). Домалақ ана қазақ даласының рухани өмірінде үлкен орын алды. Ол тек рухани көшбасшы емес, сонымен бірге тайпалар арасындағы қақтығыстарды бейбіт шешуге белсенді атсалысты. Домалақ ана арқылы қазақ әйелдері бейбітшілік пен әділдік символы ретінде танылды. Оның даналығы ұрпаққа үлгі болып қалды.

Сонымен қатар, қазақ әйелдері жоғары адамгершілік қасиеттерін көрсетіп, дәстүрлерге құрметпен қараған. Олардың мінез-құлқында тәуелсіздік пен отбасылық және некелік қатынастарды реттейтін қатаң нормаларды сақтау үйлескен. Бұл оларды үйдің ғана емес, бүкіл отбасының тірегі етіп, қазақ халқының әлеуметтік тұрақтылығы мен мәдени мұрасына үлес қосқан.

Ресей империясының отаршылдық саясаты қазақ қоғамы үшін көбіне ауыр зардаптар әкелгенімен, әйелдердің өміріне қатысты кейбір жағымды өзгерістерді де байқауға болады. Бұл өзгерістердің негізгісі – білімге, медицинаға және жаңа мәдени үрдістерге қолжетімділіктің артуы.

Ресей империясының билігі қазақ жерінде мектептер, медреселер және орыс-қазақ білім беру орындарын ашты. Бұл мекемелер қазақ қыздарына да білім алуға мүмкіндік берді. Қазақ қыздарына арналған мектептер пайда болды (мысалы, 19 ғасырдың соңында белгілі болған орыс-қазақ мектептері). Бұл қыздарға сауат ашып, жаңа білімді игеру мүмкіндігін берді.

Отаршылдық кезеңде қазақ жерінде алғашқы медициналық мекемелер ашылды. Бұл әйелдерге денсаулық сақтау қызметтерін пайдалануға мүмкіндік берді. Әйелдердің босану кезінде медициналық көмекке жүгінуі жеңілдей бастады. Кейбір қазақ қыздары медицина саласында білім алып, акушерлер немесе медбикелер ретінде қызмет етті.

Ресей империясы енгізген жаңа әкімшілік жүйе қазақ әйелдерінің кейбіреулеріне саяси және экономикалық өмірге араласуға мүмкіндік берді. Әйелдер сауда-саттықпен, қолөнермен айналысып, отбасын қамтамасыз етуде ерлермен қатар жүрді. Кейбір қазақ әйелдері орыс мәдениетінің әсерімен жаңа кәсіптерді игеріп, заманауи үлгідегі өмір салтына бейімделді.

Отарлық кезеңде қазақ зиялылары мен патша шенеуніктері арасында әйелдер құқықтары туралы мәселе жиі көтерілді. Бұл көп әйел алушылықтың (полигамияның) шектелуі, қазақ әйелдерінің меншікке құқығының танылуы сияқты мәселелердің талқылануына ықпал етті.

Тронов В.Д. «Материалы по антропологии и этнологии киргизов» қазақ отбасы құрылымы мен тұрмысы сипатталады. Отбасы қазақтардың қоғамдық өмірінде орталық рөл атқарған, оның ұйымдастырылуы рулық дәстүрлерге негізделген еді. Қазақ әйелдерінің отбасылық тұрмыстың негізгі аспектілері мыналар болды:

1. Патриархалды құрылым – қазақтардың отбасы, әдетте, патриархалды болған, онда отбасы басшысы (көбінесе үлкен ер адам) негізгі шешімдер қабылдаған.

2. Міндеттерді бөлу – отбасы ішінде ер адамдар мен әйелдердің арасында міндеттер нақты бөлінген. Ерлер аңшылықпен, мал өсірумен және сыртқы істермен айналысқан, ал әйелдер шаруашылық жүргізіп, тамақ дайындап, балаларды тәрбиелеген.

3. Көпбалалылық – отбасылар әдетте көпбалалы болған, бұл рулық байланыстарды сақтау мен қоғамды күшейтуде маңызды рөл атқарған.

4. Неке дәстүрлері – неке кию маңызды оқиға болып, әртүрлі рәсімдер мен әдет-ғұрыптармен сүйемелденген, олар отбасылар мен рулар арасындағы байланыстарды нығайтқан [1].

Бұл дәстүрлер мен тұрмыс көшпелі өмір жағдайында қоғамның өмір сүруі мен ынтымағын қамтамасыз еткен.

Рихард Карутицтың «Среди киргизов и туркмен» атты этнографиялық еңбегінде Маңғыстаудағы қазақ әйелдерінің тұрмысы сипатталады. Негізгі назар қазақ әйелдерінің отбасы мен қауымның өміріне қатысуына аударылған. Қазақ қыздары жастайынан шаруашылыққа көмектесіп, ортақ істерге атсалысады. Оларды дәстүрлі дағдыларға, мысалы, тоқу, иіру, үй шаруашылығын жүргізуге үйретеді. Әйелдер ұлттық әшекейлер, мысалы, сакина мен білезік тағады, бірақ қымбат әшекейлер күнделікті өмірде сирек қолданылған.

Қазақ әйелдері дәстүрлі бас киімдер киіп, мерекелік күндерде «сәукеле» деп аталатын барқытпен безендірілген қалпақтарды тағатын болған [2]. Қыздарды тәрбиелеуде отбасы өміріне дайындауға үлкен көңіл бөлінеді. Олар кішкентай кезінен бастап дәстүрлі міндеттерге үйретіліп, болашақта лайықты әйел мен ана болуға дайындалады.

Н.Зеланд «Этнологический очерк киргизов» еңбегінде қазақ қыздары кішкентай кезінен болашақта әйел мен ана болуға дайындалып тәрбиеленеді. Олар түрлі үй шаруаларымен айналысып, аналарына көмектеседі, шыншылдық пен еңбексүйгіштікке үйренеді, сондай-ақ кіші балалар мен жануарларға қамқорлық жасайды. Қыздар отбасылық өмірге дайындауда осы дағдыларды үйрену дәстүрлі маңызды міндет болып табылады [3].

Сондай-ақ ерлі-зайыптылар арасындағы келісім мен мәдениет туралы да айтылады. Патриархалды дәстүрлерге қарамастан, кейбір отбасыларда ерлі-зайыптылар арасында өзара құрмет бар. Әйелдер қоғамдық талқылауларға белсенді қатысуы мүмкін болғанымен, олар дәстүрлі рөлдер мен міндеттерін сақтаған. Айта кету керек, қырғыз қыздары неке дайындығы кезінде үйлену рәсімдеріне де қатысқан, бұл рәсімдер қалыңмал төлеу дәстүрін және бірнеше кезеңнен тұратын үйлену тойларын қамтуы мүмкін еді.

Генерал Броневскийдің «о киргизо-кайсаках средний орды» этнографиялық жазбаларында әйелдерінің отбасылық тұрмысы сипатталады. Негізгі назар көшпелі отбасылардағы қыздардың дәстүрлі міндеттеріне аударылады. Әйелдер үй шаруашылығын жүргізуде маңызды рөл атқарып, тамақ дайындаумен, мал күтумен және балалар тәрбиесімен айналысқан. Ерлер мен әйелдер арасында міндеттер нақты бөлінген: ерлер мал жаюмен және сыртқы істермен айналыса, әйелдер үйдегі жайлылықты қамтамасыз етіп, тоқыма және иіру сияқты қолөнермен айналысқан.

Сонымен қатар, қазақ әйелдері қоғамдық әңгімелерге белсене қатысып, қонақтарды қабылдаған, бірақ үлкендерге деген белгілі бір сыпайылық пен құрмет сақталған. Кейбір жағдайларда олар ерлер болмаған кезде үй иелерінің міндеттерін атқарып, әлеуметтік өмірде маңыздылығын көрсеткен. Соған қарамастан, патриархалды дәстүрлер берік сақталған: ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас өзара құрметке негізделген, бірақ ерлер әйелдерге көпшілік алдында нәзіктік көрсетпеген. Әйелдер мен қыздар некеге және бала тәрбиесіне қатысты қатаң дәстүрлерді ұстанғанымен, уақыт өте келе кейбір қатаң мінез-құлық нормаларының әлсіреуі байқалған [4]. Бұл өмір салты көшпелі халықтың даладағы қатал өмір жағдайларына бейімделуін көрсетеді, мұнда әрбір рөл қауымның өмір сүруі үшін маңызды болған.

А.К Гейнс «Киргизские очерки» Қазақ қыздары мен әйелдерінің отбасылық тұрмысында, түрлі этнографиялық зерттеулерге сәйкес, шаруашылық пен отбасылық өмірдегі рөлдері ерекше атап өтіледі. Әйелдер үй ошағының басты сақтаушылары болған, олар тамақ дайындаумен айналысып, нан пісірген, балаларға қараған және киіз үйлерде отты қолдаған. Көптеген қырғыз қыздары мен әйелдері қоғамдық өмірге белсене қатысып, көңілді және қонақжай болған. Ер адамдар болмаған кезде олар қонақтарды қарсы алу міндетін жиі өз мойнына алып, ашықтық пен қарым-қатынасқа дайын екенін көрсеткен. Қыздарды ерте жастан некеге дайындап, маңызды шаруашылық дағдыларына үйреткен. Үйленген әйелдерді отбасына қосқан үлесі үшін құрметтеген, бірақ некелер жиі экономикалық есептерге негізделіп, қалыңдық үшін қалыңмал талап етілген, оны күйеу жігіттің отбасы төлеген.

Ер адамдар, негізінен, мал бағу сияқты негізгі шаруашылық істермен айналысқанымен, әйелдеріне сирек нәзіктік көрсеткен, бірақ отбасылық өмір қатаң патриархалды болмаған. Тұрмыста белгілі бір өзара құрмет болған, және некелер көбіне екі жақтың келісімімен жасалған. Балаларды қатал көшпелі өмір жағдайларында тәрбиелеп, жас кезінен бастап шаруашылықтағы өз міндеттерін орындауға үйреткен [5].

XIX ғасырдың екінші жартысында Наполеон Ней мен Анри Мозердің «Орталық Азия туралы француздық саяхаттық очерктерінде» қазақ қыздары туралы, олардың сұлулығы мен батыл мінез-құлқы атап өтіледі. Бұл авторлар Маңғыстау және Орталық Азияның басқа аймақтарында саяхаттап жүргенде, қазақ қыздарының тек әдемі ғана емес, ер адамдармен сенімді түрде қарым-қатынас жасауды білетінін, ашықтығымен ерекшеленетінін атап өткен, бұл кейбір дәстүрлі қоғамдардан өзгеше болған.

Соған қарамастан, олар сондай-ақ қыздардың өз қоғамында қабылданған дәстүрлер мен нормаларды қатаң сақтайтынын атап өткен. Бейтаныс адамдармен және ерлермен кездесулер ашық және достық қарым-қатынаста болғанымен, қалыптасқан әдет-ғұрыптарды бұзбаған. Осылайша, дәстүрлілік пен қарым-қатынастағы сенімділік арасындағы осы теңгерім батыс саяхатшыларының назарын аударған қызықты қарама-қайшылықты тудырған. Осылайша, бұл сипаттамаларда сол кездегі қазақ әйелдеріне тән мәдени нормалар әрі ер мен әйел арасындағы тепе-теңдік атап өтіледі.

Қазіргі этнографтар қазақ сияқты дәстүрлі көшпелі қоғамдардағы қыздардың отбасылық тұрмысын әлеуметтік рөлдер мен географиялық нормалардың өзгеруі тұрғысынан қарастырады. Өткенде қыздар шаруашылық жүргізу және бала тәрбиесі сияқты қатаң отбасылық міндеттерді орындауға тәрбиеленген, алайда олар қоғамдық өмірге қатысу мен қарым-қатынаста белгілі бір еркіндікке де ие болған.

Қазіргі зерттеулер қазақ қыздарының қоғамдық күтулер мен еркіндік арасындағы тепе-теңдікті сақтағанын атап өтеді. Бұл дәстүрлер қазақ мәдениетінің маңызды бөлігі болып қала береді, дегенмен білім берудің дамуы және әлеуметтік жағдайлардың өзгеруі әйелдердің рөлін кеңейтті. Этнографтар қазіргі қазақ қыздарының қоғамдық, экономикалық және саяси өмірге қатысатынын, сонымен бірге отбасына және үлкендерге құрмет сияқты дәстүрлі құндылықтармен байланысын сақтап қалғанын ерекше атап өтеді [7]. Осылайша, қазіргі этнографтардың көзқарасы дәстүрлі элементтердің сақталуын да, қоғамның әлеуметтік-мәдени эволюциясынан

туындаған өзгерістерді де атап көрсетеді. *Осы этнографиялық деректерде көбінесе қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлдерін оңша ашып көрсетпеседе, басқа жоғарыда көрсеткен Р.Каруц, А.Мозера, Н.Наполеон секілді шетелдік ориенталисттердің еңбектерінде объективті пікірлерде кездеседі.*

Қорытындылай келе, қазақ әйелдері қоғамдағы дәстүрлі рөлдерге қарамастан, әрдайым отбасылық және қоғамдық өмірде белгілі бір дәрежеде еркіндік пен маңыздылыққа ие болған. Олар шаруашылық жүргізу мен бала тәрбиесі сияқты міндеттерін қоғамдық істерге қатысу және ашық қарым-қатынаспен шебер үйлестіре білді. Қазіргі этнографиялық зерттеулер қыздардың отбасылық тұрмысына қатысты дәстүрлі нормалар қазақ мәдениетінің маңызды бөлігі болып қала беретінін растайды, дегенмен әлеуметтік және экономикалық өзгерістер олардың рөлдерінің кеңейіп алып келді. Бұл қазақ қоғамының біркелкі емес екенін көрсетеді, ол әйелдерге дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып, жаңа өмір жағдайларына бейімделуге мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.Д Тронов. «Материалы по антропологии и этнологии киргизов». - Санкт-Петербург 1891.
2. Каруц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. - СПб, 1911 г.
3. Зеланд Н. Киргизы. Этнологический очерк / Записки Западно Сибирского отдела ИРГО. Кн. VII, вып. II. - Омск, 1885 г.
4. Броневский. Записки о киргиз-кайсаках Средней орды // Отечественные записки. 1830, - № 119, март; - № 122, июнь; - № 123, июль; - № 124, август.
5. Гейнс А.К. Киргизские очерки // Военный сборник. 9 год. СПб, 1866.- №1, 6, 7, 8.
6. Франкоязычные путевые очерки о Центральной Азии: Путешествия Наполеона Нея и Анри Мозера во второй половине XIX века.
7. Бекетаева, Г. Н. Женщина в казахской культуре: история и современность. - Астана: ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, 2020.

ФАЗЛУЛЛАХ ИБН РУЗБИХАН ИСФАХАНИДІН «МИХМАН-НАМЕ-ЙИ БУХАРА» ЕҢБЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ДЕРЕК КӨЗІ

Пайзилбеков Н.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, профессор ассистенті Смағұлов Н.Б.,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.

Кіріспе. Фазлуллах ибн Рузбихан Исфahanидің «Михман-наме-йи Бухара» еңбегі Орта Азия мен Қазақстан тарихы үшін маңызды дереккөздердің бірі. Бұл шығарма XVI ғасырдың басында жазылған және Бухара мен оның айналасындағы аймақтардың әлеуметтік-саяси, мәдени өмірі туралы құнды мәліметтер ұсынады. Фазлуллах ибн Рузбихан, өз заманындағы тарихшы әрі ғалым ретінде, Бухараны ерекше жақсы біледі және оның мәдениетіне, әкімшілік құрылымына, тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне терең үңіледі. Шайбанилік тарихнама қатарында Орта Азия мен Қазақстан тарихы жөніндегі аса маңызды түпнұсқа еңбек – Фазлаллах ибн Рузбихан Исфahanидің «Михман-наме-йи Бухара» [1] (Бұхар мейманының кітабы) деген еңбегі ерекше орын алады. Ол хижра бойынша 862/б.з. 1457-58 жылы Иранда туған. Ибн Рузбиханның балалық және жастық шағы Шираз бен Исфahanда өткен. Хиджаз бен Египетте ол сол замандағы ғылымнан зор білім алып, көрнекті діни ғалым мен әдебиетші болды. Кейіннен Ибн Рузбихан XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың басындағы Иран мен Орта Азияның бірқатар билеушілерінің сарайларында жоғары қызметтер атқарды. Әзербайжандағы Ақ-Қойынлы әулетінің тарихына арналған «Тарих-и аламара-йи Амини» деген тарихи шығарма жазды. 1504 жылы Шах Исмаил Сефевидің әскерлері сунниттерді талқандағаннан кейін Ибн Рузбихан Ираннан кетіп, Мауараннахрдағы Мұхаммед Шайбани ханның сарайына барды. Жорықтарда оған ере жүріп, ханмен діни ілім сайыстар мен әңгімелерге қатысты[2].

Қазақстан мен Орта Азия тарихнамасында Ибн Рузбихан «Бұхара мейманының кітабы» авторы ретінде мәлім. Шығарма Мұхаммед Шайбани ханның 1508-1509 жылдың қысындағы қазақтарға қарсы жорығына әзірлік пен жорықтың өзіне арналған. Шынына келгенде ол XV-XVI ғасырлар шеңберіндегі қазақтар мен көшпелі өзбек тайпаларының әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өмірінің көптеген жақтарын сипаттайтын тарихи құнды еңбек. Ибн Рузбиханның еңбегінде қазақтардың тұрмысы, шаруашылығы, Шығыс Дешті Қыпшақ халқының этникалық құрамы, Қазақстан мен Орталық Азия халқының сауда-экономикалық байланыстары, Қазақ хандығының билеушілері мен шайбанилердің өзара саяси қатынастары туралы мәліметтері ерекше.

Дешті Қыпшақ пен Түркістан жөніндегі тарихи-географиялық материалдар қызығушылық туғызады. Оңтүстік Қазақстанның Сыр өңіріндегі қалалары туралы мәліметтер ерекше маңызды. Олардың көпшілігіне – Түркістанға, Сауранға, Аркөкке және басқаларына ол өз еңбегінің көптеген беттерін арнаған. Ибн Рузбиханның шығармасын 1962 жылы Манучихр Сутуде Тегеранда басып шығарды.